

Су жолдарын кеме жүзетін жолдар санатына жатқызу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж. N 931. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 105 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға болатын әрі тиімді су жолдары кеме жүзетін жолдар санатына жатады деп белгіленсін.

2. Су жолдарын кеме жүзетін жолдар санатына жатқызуды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің қажетті негіздемесі бар ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады, негіздемеде:

тасымалдау мен негізгі жүк тасқынының көлемі;

тасымалдаушы ұйымның атауы;

жол сұлбасының қысқаша сипаттамасы;

су жолдарын пайдаланудың ерекшеліктері;

жол шаруашылығына қызмет көрсетуші ұйымның атауы көрсетілуге тиіс.

Ұ с ы н ы с қ а :

жолды күтуге жұмсалатын шығынның есеп-қисабы;

су тоғанының сызба жоспары мен гидрологиялық сипаттамасы;

су ресурстарын басқару және табиғатты қорғау мемлекеттік органдарының

к е л і с і м і

қ о с ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі су ресурстарын басқару, табиғатты қорғау, денсаулық сақтау мемлекеттік органдарымен және басқа да мүдделі ведомстволармен келісуі бойынша кеме жүзуі үшін ашық, қай ведомствоға жататыны мен меншік нысанына қарамастан, барлық кәсіпорындар мен ұйымдар үшін міндетті болып табылатын ішкі су жолдарын пайдалану Ережесін әзірлеп, бекітсін.

4. Кеме жүзуі үшін ашық қазіргі ішкі су жолдары осыған қосылған тізбеге сәйкес сақталатын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1994 жылғы 19 тамыздағы

№ 931 қаулысына

қосымша

Кеме жүзуі үшін ашық қазіргі ішкі су жолдарының ТІЗБЕСІ

Қара Ертіс өзені /Қытай Халық Республикасы шекарасынан бастап/ - Зайсан көлі - Бұқтырма, Өскемен және Шульба су қоймаларымен бірге Ертіс /Ресей Федерациясымен шекараға дейін/

Қапшағай су қоймасымен бірге Іле өзені, Қытай Халық Республикасы шекарасынан Қапшағай ГЭС-і су бөгеті шегіндегі аралық.

Орал өзені, Батыс Қазақстан облысының Рубежка поселкесінің оның сағасына
д е й і н

О р а л - К а с п и й к а н а л ы
Б а л қ а ш к ө л і

Есіл өзені, Петропавл су қоймасы бөгетінен Ресей Федерациясының
ш е к а р а с ы н а д е й і н

Сырдария өзені, Қызылорда қаласы мен паром өткелдерінің маңайы
Қазақстан Республикасы шегіндегі Каспий теңізінің айдыны